

Алматы қаласында ипотекалық несиелеу жүйесін дамыту Бағдарламасы мен Тұжырымдамасын жүзеге асыру аясындағы тұрғын үй құрылысы туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімшілігінің 2003 жылғы 1 сәуірдегі N 1/186 қаулысы. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2003 жылғы 7 сәуірде N 523 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 8 шілдедегі N 3/885 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 08.07.2006 N 3/885 қаулысымен (01.09.2006 бастап күшіне енеді).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 шілдедегі N 1014 "Алматы қаласын аймақтық қаржы орталығы ретінде дамыту туралы" қаулысын, II сайланған Алматы қалалық Мәслихаты 2002 жылғы 19 қыркүйектегі XIX сессиясының "Алматы қаласында ипотекалық несиелеу жүйесін дамыту Бағдарламасы мен Тұжырымдамасын бекіту туралы" және 2001 жылғы 25 мамырдағы "Кепіл қоры туралы Ережені бекіту туралы" шешімдерін және Алматы қаласы Әкімшілігінің 2002 жылғы 14 қазандағы N 5/655 қаулысын орындау мақсатында Алматы қаласының Әкімшілігі қаулы етеді:

1. Алматы қаласында ипотекалық несиелеу жүйесін дамыту Бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі үйлестіру кеңесі құрылсын, осы кеңестің құрамы мен оның қызметінің ережесі бекітілсін (N 1, N 2 қосымшалар).

2. Алматы қаласында ипотекалық несиелеу жұмысын дамыту Бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспары бекітілсін (N 3 қосымша).

3. Кепіл қорын құрастыру үшін коммуналдық меншік ғимараттарының тізбесі бекітілсін (N 4 қосымша) және оны Алматы қалалық Мәслихаты келесі сессиясында келісуге ұсынсын.

4. Алматы қаласында ипотекалық тұрғын үй құрылысының өкілетті органы болып Күрделі құрылыс департаменті (М.Ш.Серғазин) анықталсын.

5. Күрделі құрылыс департаменті (М.Ш.Серғазин) үйлестіру кеңесінің бекітуіне ипотекалық несиелеу жолдарын енгізу үшін Алматы қаласындағы құрылысы аяқталмаған ғимараттардың тізбесін бекітсін.

6. Алматы қаласы Әкімшілігінің 2003 жылғы 24 ақпандағы N 1/108 "Алматы қаласында ипотекалық несиелеу жүйесін дамыту Бағдарламасы мен Тұжырымдамасын жүзеге асыру аясындағы тұрғын үй құрылысы туралы қаулысы" күшін жойды деп танылсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің орынбасары Қ.Е.Жаңбыршинге жүктелсін.

А л м а т ы қ а л а с ы н ы ң

Әкімі

Әкімшілік хатшысы

Алматы қаласы әкімшілігінің
2003 жылғы 1 сәуірдегі
N 1 / 186 қаулысына
N 1 қосымша

**Алматы қаласында ипотекалық несиелеу жүйесін
дамыту Бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі
үйлестіру Кеңесінің
ҚҰРАМЫ**

| | | | | |
|---------------------------------|--------------------------|--------------|---|--|
| 1. | Қозы-Көрпеш Жаңбыршин | Есімұлы | - | Алматы қаласы Әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы |
| Комиссия мүшелері: | | | | |
| 2. | Рамазан Маймақов | Маймақұлы | - | Алматы қалалық экономика жөніндегі комитет |
| 3. | (келісім бойынша) | | - | Алматы қалалық Мәслихаты |
| 4. | Леонид Никоноров | Иванович | - | Алматы қалалық коммуналдық меншікті басқару департаменті |
| 5. | Мазан Серғазин | Шайдахметұлы | - | Алматы қалалық күрделі құрылыс департаменті |
| 6. | Римма Исабаева | Шәкіратқызы | - | Алматы қаласы Әкімшілігінің заң бөлімі |
| 7. | Сұлтан Баймағамбетов | Қабиұлы | - | Алматы қалалық сәулет және қала құрылысы департаменті (келісімі бойынша) |
| 8. | Абай Сапаров | Есболұлы | - | Алматы қалалық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитет (келісімі бойынша) |
| Кеңестің атқарушы органы | | | | |
| 9. | Талғат Жайсаңбаев | Болатұлы | - | "Алматы жылжымайтын мүлігі" жабық акционерлік қоғамы |

Алматы қаласы әкімшілігінің
2003 жылғы 1 сәуірдегі
N 1 / 186 қаулысына
N 2 қосымша

Алматы қаласында ипотекалық несиелеудің дамыту жүйесінің бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ 1. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже үйлестіру Кеңесінің (бұдан әрі Кеңес) Алматы қаласында ипотекалық несиелеу жүйесін дамыту бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі оның қызметін, құқықтарын және міндеттерін, сондай-ақ Кеңес мүшелерінің Кеңестің Атқарушы органы арасындағы қызметтік қарым-қатынасын жұмыс барысында реттейді.

1.2. Кеңес Алматы қаласы Әкімшілігі жанындағы қадағалаушы және ақыл-кеңес беруші орган болып табылады, бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында құрылған, сондай-ақ Алматы қаласында мүліктік пұлдардың бағдарламасын жүзеге асыруды құрастыру бөлігіндегі Кепіл қорын иеленудегі ерекше құқықтарға ие болады.

1.3. Кеңес бағдарламаны жүзеге асырудың барысында оны жүзеге асыру жолында ведомствоаралық және ведомствосалалық ынтымақтастықты үйлестіруді қамтамасыз етеді.

1.4. Кеңес Алматы қаласы Әкімшілігінің департаменттері мен комитеттерінің өкілдерінен тұрады және Кеңестің атқарушы органы болады (бұдан әрі Атқарушы орган).

1.5. Кеңестің құрамына экономика комитеті тұлғасында сараптау, талдама жасау органы кіреді.

1.6. Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңы актілеріне сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 шілдедегі N 1014 "Алматы қаласының аймақтық қаржы орталығы ретіндегі дамуы туралы" Қаулысына, Алматы қаласының 2003-2010 жылдарға арналған дамуының мемлекеттік бағдарламасына, II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты 2002 жылғы 19 қыркүйектегі XIX-сессиясының "Алматы қаласында ипотекалық несиелеу жүйесін дамыту Тұжырымдамасы мен Бағдарламасын бекіту туралы" шешіміне, сондай-ақ II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты 2001 жылғы 25 мамырдағы X-сессиясының "Алматы қаласындағы кепіл қоры туралы Ережені бекіту туралы" шешіміне, Алматы қаласы Әкімшілігінің 2002 жылғы 14 қазандағы N 5/655 қаулысына, сондай-ақ осы Ережеге сай жүзеге асырады.

1.7. Кеңестің құрамын Алматы қаласының Әкімі анықтайды және бекітеді.

2. ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

2.1. Кеңеске мынадай міндеттер жүктеледі:

- 1) бағдарламаны жүзеге асыруға қажетті басым міндеттер мен шаралар жоспарын анықтау және бекіту;
- 2) бағдарламаны жүзеге асыруға байланысты сараптау бағалауды өткізу және инвестициялық жобалар мен бизнес-жоспарларды бекіту;
- 3) қаржы көздері бағдарламасын жүзеге асыруға қажетті және оны тарту мақсатында Алматы қаласының Кепіл қоры тұрғысында мүліктік пұлдарды құрастыру және пайдалану;
- 4) Атқарушы органның қызметіндегі басым бағыттарды анықтау;
- 5) бағдарламада көзделген ипотекалық институтты дамыту жоспарын даярлау және бекіту;
- 6) ипотекалық несиелеу жүйесін дамытудағы құқықтық және экономикалық жұмыс жүйесін әзірлеуді басшылыққа алу, Алматы қаласы Әкімшілігінің ақпараттық тасқындарымен танысуға мүмкіндік алуға, сондай-ақ Атқарушы органның жұмысын қамтамасыз ету үшін нормалық-техникалық құжаттармен танысуға;
- 7) алдағы тұрған мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру барысында салааралық және ведомствоаралық қол жеткізген нәтижелерді қарау;
- 8) Алматы қаласында ипотекалық несиелеуді дамыту жүйесінің бағдарламасы мен жобаларын жүзеге асырудағы шығындар сметасын бекіту;
- 9) ипотекалық несиелеу жүйесін дамыту саласындағы заң және нормалық-құқықтық актілерді қажетіне қарай даярлау және оған ұсыныс енгізу.

2.2. Бағдарламаны жүзеге асыруға қажетті қаржы ресурстарын тарту мақсатында Кеңес мүліктік пұлдарды құрастыру бөлігінде Алматы қаласындағы Кепіл қорын иелену міндетін атқарады.

2.3. Кеңес Алматы қаласы Әкімшілігінің осы бағдарламаны жүзеге асыруға бағытталған қаулыларынан туындайтын басқа да міндеттерді жүзеге асырады.

3. КЕҢЕСТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ӨКІЛЕТТІГІ

3.1. Кеңес Алматы қалалық Мәслихаты бекіткен Алматы қаласының Кепіл қоры туралы Ережеде анықталған Алматы қаласы Әкімшілігінің құзыреті шегінде Алматы қаласының Кепіл қоры ғимараттарының қатарынан құрастырылған мүліктік пұлдарды иеленуде ерекше құқықтарға ие.

3.2. Кеңес Алматы қаласының Кепіл қорын пайдаланудағы қаржы ресурстарын тартудағы мақсатты қажеттілігін анықтау жөніндегі құқыққа ие болады.

3.3. Кеңес акционерлік және жауапкершіліктегі қоғамдардағы мемлекеттік үлестерді тарату бойынша олардың қатысушыларының келісімімен белгіленген заң тәртібінде ұсыныс енгізе алады.

4. ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

4.1. Кеңесті төраға басқарады.

4.2. Төраға Кеңестің қызметіне басшылық етеді және оның мәжілісіне төрағалық етеді, жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерін жүзеге асыруға жалпы бақылауды атқарады.

4.3. Кеңестің мәжілісі қажеттілігіне қарай тоқсанына бір рет өткізіледі.

4.4. Кеңестің мәжілісі Кеңес төрағасының ұйғарымымен немесе Атқарушы органның ұйғарымымен шақырылады.

4.5. Кеңес мүшелері Кеңестің мәжілісін тағайындау туралы хабарламаны оны өткізу алдында үш күн бұрын хабарлайды. Өте шұғыл жағдайларда Кеңес мәжілісі жедел шақырылуы мүмкін.

4.6. Кеңес мәжілісінің күн тәртібін Атқарушы орган Кеңес мүшелеріне мәжіліс алдында он бес күнтізбелік күн бұрын жариялайды. Мәжіліс өтер алдында он күн бұрын төраға құжаттамаларды әзірлеудің мерзімін анықтайды.

4.7. Кеңес төрағасы немесе оның тапсырысымен Кеңестің бір мүшесі Кеңестің мәжілісін шақырады, оның жұмысын ұйымдастырады, оның барысына төрағалық етеді, мәжілістің хаттамасын жүргізуді ұйымдастырады.

4.8. Кеңес мәжілісі егер оған Кеңес мүшелерінен сайланған тең жартысы қатысқанда ғана құқықты болып есептеледі.

4.9. Кеңес сырттан дауыс беру жолымен (сұрастыру жолымен) шешім қабылдай алады.

4.10. Кеңес мәжілісі оған қатысушылардың көпшілік дауысымен шешім қабылдайды. Мәселені шешуді Кеңес мәжілісінде Кеңестің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Кеңес мүшесінің бір дауысы келесі Кеңес мүшесінің дауысына өтпейді.

4.11. Кеңес мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, Кеңес төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

4.12. Кеңес мәжілісінде хаттама жүргізіледі, ол он күн бұрын құрастырылады.

4.13. Кеңес мәжілісінің хаттамасына мәжіліске төрағалық етуші қол қояды, ол хаттаманың дұрыс жазылуына жауапкершілікте болады.

4.14. Хаттамада мыналар көрсетіледі:

- 1) Кеңес мәжілісінің өткізілетін орны мен уақыты;
- 2) мәжілісте талқыланатын мәселелер;

- 3) мәжіліске қатысушы Кеңес мүшелерінің жеке құрамы;
- 4) мәжіліске қатысушылардың сөздерінің негізгі ережелері;
- 5) дауысқа түскен мәселелер мен оның қорытындылары;
- 6) Кеңес қабылдаған шешімдер.

Хаттамада басқа да қажетті мәліметтер болуы мүмкін.

4.15. Кеңес хаттамасының мәжілісі он бес күн өткеннен кейін Кеңес мүшелеріне, төраға бекіткен тізім бойынша өзге мүдделі ұйымдарға, Кеңес мәселелерінің шешіміне құзыретті мемлекеттік органдарға жіберіледі.

4.16. Кеңес оның қызметіне қатысты мәселелерді зерттеу үшін жұмыс топтарын құра алады.

4.17. Кеңестің бағдарламалар мен жобаларды бекіту, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ оны жүзеге асырудағы жоспарлар ортақ шешім негізінде қабылданады.

4.18. Кеңестің Кеңес жұмысын ұйымдық қамтамасыз ету, оның кезекті мәжілісінің күн тәртібін құрастыру және хаттама жобаларын әзірлеу төрағаның тапсырмасы бойынша Атқарушы орган жүзеге асырады.

5. ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Кеңес мүшелерінің құқықтары:

1) Алматы қаласы Әкімшілігінің мөрі басылған және Кеңес төрағасы қол қойған сенімхат негізінде Кеңес мүшесі басқа ұйымдармен, кәсіпорындармен, мемлекеттік органдармен, мекемелермен өзін өкілдейді;

2) Кеңес тапсырмасын жүзеге асырудағы Атқарушы органның қызметіне қатысты мәліметтерді алады.

5.2. Кеңес мүшелері өз міндеттеріне адамгершілікпен қарауға міндетті.

6. КЕҢЕСТІҢ АТҚАРУШЫ ОРГАНЫ

6.1. Кеңестің Атқарушы органы осы Ережеге сай қызметін жүзеге асырады, Кеңестің жұмыс органы болып табылады және Кеңес бекіткен бағдарламалар мен жоспарларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

6.2. Атқарушы органның құзыретіне Кеңестің қарайтын мәселелерін әзірлеу және даярлау кіреді, оған қоса:

1) бағдарламаны жүзеге асырудағы басым міндеттерді құрастыру және дамыту;

2) Кеңес бекіткен Ережеде анықталған инвестициялық жобаларды, бағдарламаларды және бизнес-жоспарларды оларды сараптауды бағалауды өткізгеннен кейін әзірлеу;

3) Алматы қаласының Кепіл қоры ғимараттарының мониторингісі қатарынан мүліктік пұлдарды құрастыру және пайдалану;

4) бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі өзіне қабылдаған міндеттерді орындауды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік органдар мен өзге ұйымдардың іс қимылдарын үйлестірудегі ұсынымдамаларды әзірлеу;

5) Кеңес мәжілісінің материалдарын әзірлеу, оларды Кеңес мүшелеріне тарату және Кеңес жұмысын қамтамасыз етуге қажетті көлемде іс қағаздарын жүргізу ;

6) бағдарламаны жүзеге асыруға қатысушылардан олардың ескертпелері мен ұсыныстарын жинастыруды ұйымдастыру және Кеңес мәжілісінде қаралатын шаралар мен жоспарлардың және бағдарламалардың орындалатын материалдары мен есепті құжаттарын жинау .

6.3. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында талдамалар мен болжамдардың негізінде мәжіліс алдында он күн бұрын Атқарушы орган мына жұмыстарды атқарады :

1) инвестициялық жобалар жөніндегі ұсыныстарды;

2) техникалық-экономикалық есептерді;

3) Кеңес бекіткен шараларды құжаттамалық ресімдеуді.

6.4. Кеңес берілген ұсыныстар, техникалық-экономикалық есептер жобасы бойынша тиісті шешім қабылдағаннан кейін Атқарушы орган инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға байланысты қажетті шараларды орындайды.

6.5. Негізгі міндеттерді жүзеге асыру барысында және өз қызметтерін орындауда Атқарушы органның құқықтары:

1) өзінің жеке қаражаты есебінен қажетті жағдайларда Кеңестің құзыретіне қатысты материалдарды әзірлеу үшін ғалымдарды және жоғары білікті мамандарды тартады ;

2) өзінің қызметін жүзеге асыру барысында мемлекеттік органдармен және өзге мүдделі ұйымдармен бірлесіп қызмет атқарады;

3) мемлекеттік органдардан және өзге мүдделі ұйымдардан өз міндеттерін жүзеге асыруға қатысты қажетті мәліметтер алады;

4) атқарушы органдардың ақпараттық көрсеткіштерімен жұмыс атқарады;

5) Қазақстан Республикасының Заңдарына және осы Ережеге сай басқа міндеттерді жүзеге асырады.

Алматы қаласы әкімшілігінің
2003 жылғы 1 сәуірдегі
N 1 / 186 қаулысына

N 3 қосымша

**Алматы қаласында ипотекалық несиелеу жүйесін
дамыту бағдарламасын жүзеге асырудағы
ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ**

| Реттік нөмірі | Шаралардың аталуы | Орындалу мерзімі | Жауапты орындаушы |
|----------------------|---|-----------------------|---|
| 1. | Кепілдік қорын құрастыру | | |
| 1.1 | Кепіл қорының құрамына енгізілген коммуналдық меншік ғимараттарының қажетті тізбесін даярлау және олардың нақты нарықтық бағасын бағалауды өткізу үшін қала бюджетінен тиісті қаражаттарды белгілеу. Алматы қалалық Мәслихатының "Кепіл қорының құрамына енгізілген коммуналдық меншік ғимараттарының тізбесін бекіту туралы" шешімінің жобасын даярлау. | 2003 жылдың 1 тоқсаны | үйлестіру Кеңесі; Алматы қалалық Коммуналдық меншікті басқару департаменті; "Алматы Жылжымайтын мүлігі" жабық акционерлік қоғамы |
| 1.2 1.3 | Кепіл қорының құрамына енгізілген Алматы қалалық коммуналдық меншік ғимараттарының қорлық есебін жүргізу. | | |
| 2. | Бағдарламаның қалпына сай ипотека бойынша үлгілік шарттарды даярлау | | |
| 2.1. 2.2. 2.3. | Үлгілік шарттарды даярлау және бекіту: Н е с и е л і к ; Кепіл (ипотекалық); Қаржылық лизингтік; Қорлық есептік; Іскерлік құрылыс жүргізушілермен өзара қарым-қатынастық; Басқа да аялық құжаттамаларды. Алматы қаласында ипотекалық несиелеу бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі үлестіру Кеңесінің Ережесін; Әділет органдарынан ұсынымдама алу. | 2003 жылдың 1 тоқсаны | Экономика жөніндегі комитет; "Алматы Жылжымайтын мүлігі" жабық акционерлік қоғамы; Күрделі құрылыс департаменті |
| 3. | Төлемі бар заемшыларды бағалау жұмыстарын қалыпқа келтіру | | |
| 3.1. | Төлемі бар заемшыларды бағалау қалыптарын анықтау үлгісінде "Қазақстандық ипотекалық компаниясы" жабық акционерлік қоғамымен осыларды пайдалануда келісімдер жүргізу. | 2003 жылдың 1 тоқсаны | Үйлестіру Кеңесі; Экономика жөніндегі комитет; "Алматы Жылжымайтын мүлігі" жабық акционерлік қоғамы |
| 4. | Бағдарламаның шеңберінде ипотекалық нарықты тұрақты дамытуды реттейтін нарықтық жолдар мен әдістер жүйесін әзірлеу | | |
| | Тұрмысы төмен тұрғындардың бөлігіне ипотекалық несиелеуді қаржыландыру немесе/және құрылысты жүргізудің жүйесін қосу және енгізу мәселесін даярлау. Кепіл қорының нарықтық жолдарын әзірлеу: | | |

| | | | |
|-----------|---|-------------------------|---|
| 4.1. 4.2. | <p>Тұрғын үйлерді жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды бірінші кезеңде ынталан-дыру жолында қаржыландыру лизингі арқылы (бұдан әрі сатып алу алдындағы жалға беру) және одан кейін ипотекалық несиелеу;</p> <p>Ипотекалық несиелеу бойынша пайыз-дық өсімдердің алғашқы жарналарының мөлшерін оңтайландыру;</p> <p>Тұрғын үй құрылысы мәселесіндегі мүдделі құрылымдық құрылыс компания-ларымен өзара қарым-қатынас жасау;</p> <p>Тәуекел қаржыландыруды сақтандыру жұмыстарын жүзеге асыру.</p> | 2003 жылдың 1-2 тоқсаны | Экономика жөніндегі комитет; " Алматы Жылжымайтын мүлігі" жабық акционерлік қоғамы; " Қазақстан ипотекалық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы |
| 5. | Жергілікті және республикалық органдармен бірлесіп жұмыс атқару | | |
| 5.1. | <p>Кейбір жекелеген банкілік жұмыстарды жүзеге асыруда рұқсат алуға Қазақстан Республикасының ұлттық банкіне өтінімдеме беру.</p> | 2003 жылдың 1 тоқсаны | |
| 5.2. | <p>Бірлескен бағдарламаларды жүзеге асырудағы өзара бірлесіп тәжірибе алмасуда " Қазақстандық ипотекалық компания" жабық акционерлік қоғамымен ортақ келісімге келу.</p> | | Экономика жөніндегі комитет; " Алматы Жылжымайтын мүлігі" жабық акционерлік қоғамы |
| 5.3. | <p>Ипотекалық несиелеуді дамытуға қатысты заң актілерін ықшамдауда Алматы қалалық Әкімшілігінің мүдделі құрылымдарын қатыстыру.</p> | Тұрақты | |
| 6. | Ипотекалық несиелеу жүйесін дамыту бағдарламасын жүзеге асыру үшін қаржыландыру көздерін анықтау | | |
| 6.1. | <p>Құнды қағаздарды (ипотекалық облигацияларды) және эмиссияланбаған берешек міндеттерді (жай вексельдерді) қолдану және пайдалану.</p> | 2003 жылдың 2-3 тоқсаны | |
| 6.2. | <p>Ішкі облигациялық заемдардың қалалық бағдарламасын әзірлеу және бекіту.</p> | | Үйлестіру Кеңесі; Экономика жөніндегі комитет; " Алматы Жылжымайтын мүлігі" жабық акционерлік қоғамы |
| 6.3. | <p>Қазақстан Республикасы ұлттық банкінің ұсынымдамаларын алу.</p> | 2003 жылдың 4 тоқсаны | |
| 7. | Арнайы ипотекалық бағдарламалар | | |
| 7.1. | <p>Барлық мүдделі құрылымдармен бағдарламаны жүзеге асыру шеңберінде ипотекалық жолдарды пайдаланудың бағдарламаларын және республикалық арнайы тұрғын үй бағдарламаларының шеңберінде жұмыс атқару.</p> | Тұрақты | Алматы қалалық Күрделі құрылыс департаменті; " Алматы Жылжымайтын мүлігі" жабық акционерлік қоғамы |
| 8. | Ипотекалық несиелеуді енгізу барысында тұрғын үйді дамытуға құнды және сұранымды талаптарды болжау | | |
| | | | |

| | | | |
|------|---|---------|---|
| 8.1. | Мыналарды өткізу: Осы жұмыстарды атқарудағы Алматы тұрғын үй нарқындағы сұранымдарға талдама жасау; Ипотекалық несиелеу кестелерін және дайын тұрғын үйлерді жүзеге асырудағы тиісті өзгерістерді қолдана отырып болжау. | Тұрақты | Үйлестіру Кеңесі; Алматы қалалық Күрделі құрылыс департаменті; "Алматы Жылжымайтын мүлігі" жабық акционерлік қоғамы |
|------|---|---------|---|

Алматы қаласы әкімшілігінің
2003 жылғы 1 сәуірдегі
№ 1 / 186 қаулысына
№ 4 қосымша

Алматы қаласының ипотекалық несиелеу жүйесін дамыту бағдарламасын жүзеге асырудағы Кепіл қорына енгізілген кәсіпорындар мен коммуналдық меншік ғимараттарының тізбесі 1. Мемлекеттік үлесі заңды тұлғалардың тізбесі

| N | Заңды тұлғаның аталуы | Жарғылық капитал (мың теңге) | Мемлекеттік қатысу | | |
|----|---|---------------------------------|--------------------|--------------------|---------|
| | | | %-бен | АҚШ мың доллар мен | |
| | ақшалай түрде | | | | |
| | мың теңге | | | | |
| 1 | "Қазнедра" ашық акционерлік қоғамы | 21 493,0 | 100,00 | 21 493,0 | 138,7 |
| 2 | "Алматы құрылыс және менеджмент" жабық акционерлік қоғамы | 20 748,5 | 100,00 | 20 748,5 | 133,9 |
| 3 | "Қазкинокомплект" ашық акционерлік қоғамы | 844,0 | 90,00 | 759,6 | 4,9 |
| 4 | "Жайлау" Компаниясы" жабық акционерлік қоғамы | 2 300,0 | 70,00 | 1 610,0 | 10,4 |
| 5 | " N 8 автобус паркі" ашық акционерлік қоғамы | 578 055,0 | 49,00 | 283 247,0 | 1 827,4 |
| 6 | "ҚАУ" жабық акционерлік қоғамы | 130 935,0 | 49,00 | 64 158,2 | 413,9 |
| 7 | "Алматыжылукоммун-энерго" ашық акционерлік қоғамы | 82 655,0 | 38,78 | 32 053,6 | 206,8 |
| 8 | "Іскер" ашық акционерлік қоғамы | 51 689,0 | 25,00 | 12 922,3 | 83,4 |
| 9 | "Өнім сапасын сынау орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестік | 1 000,0 | 25,00 | 250,0 | 1,6 |
| 10 | "Жетісу" ашық акционерлік қоғамы | 13 900,0 | 16,30 | 2 265,7 | 14,6 |
| 11 | "Көктөбе" ашық акционерлік қоғамы | 17 047,0 | 13,00 | 2 216,1 | 14,3 |

| | | | | | |
|-----------------|---|--------------------|-------|--------------------|----------------|
| 12 | "Алматы ликер-арақ зауыты" ашық акционерлік қоғамы | 15 177,0 | 12,88 | 1 954,8 | 12,6 |
| 13 | "Рахат" Қазақстан-Австрия бірлескен кәсіпорны" жабық акционерлік қоғамы | 6 395 000,0 | 11,40 | 729 030,0 | 4 703,4 |
| 14 | "Бахус" ашық акционерлік қоғамы | 210 164,0 | 11,28 | 23 706,5 | 152,9 |
| 15 | "Алматықалабезендіру" ашық акционерлік қоғамы | 20 909,9 | 9,64 | 2 015,7 | 13,0 |
| 16 | "Монтажманқұрылыс" жабық акционерлік қоғамы | 6 000,0 | 7,26 | 435,6 | 2,8 |
| ЖИЫНТЫҒЫ | | 7 567 917,4 | | 1 198 866,5 | 7 734,6 |

2. Коммуналдық меншік нысандарының тізбесі

| | Аталуы | Мекен -жайы | Ескерту |
|---|---|------------------------|----------------|
| 1 | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің бұрынғы ғимараты | Қабанбай батыр к., 126 | |
| 2 | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің бұрынғы ғимараты | Қабанбай батыр к., 95 | |
| 3 | Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің бұрынғы ғимараты | Төле би к., 67 | ерекше есепте |
| 4 | Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бұрынғы ғимараты | Желтоқсан к., 89 | |
| 5 | Алматы қаласы бойынша Жылжымайтын мүлік орталығының ғимараты | Төле би к., 155 | |
| 6 | "Алматы" қонақ үйінің ғимараты | Қабанбай батыр к., 85 | ерекше есепте |
| 7 | Бұрынғы темекі фабрикасы | Мақатаев к., 117 | |

Әкімшілік хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ